ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 шілде №3313-25-00-2/818 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы А.А.Даулетованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министірлігі «Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
Мейрман Алияскарович Есетов «Ордастрой» жеке кәсіпкер,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор О.Самат
Тараптар сот отырысына қатыспады,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 7 сәуірде «Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі Талап қоюшы, мекеме, тапсырыс беруші) мен Мейрман Алияскарович Есетов «Ордастрой» жеке кәсіпкер арасында (бұдан әрі Жаупкер, кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыпалу туралы № 117 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші 16 күнтізбелік күн ішінде Н-жолақ байланыстырушы профиль Материал: металл, түсі сұр қалыңдығы – 0,40 мм., ұзындығы 3000 мм., ені 0,73 мм., Н - тәрізді.Талдықорған ЖҚЖ жеткізуге міндеттелген.

Шарттың жалпы сомасы 142 632 теңгені құрайды. Шарт 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін жарамды.

Мекеме жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, шарт бойынша өнімберуші өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамағаны үшін сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 3 138 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкерден жазбаша түрде пікір түспеді.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі қатыспады, түсірген талабы бойынша талап арызды қанағаттандыруды сұрады, сонымен қатар азаматтық істі өзінің қатысуынсыз қарауға қарсылығы жоқ екенің жеткізді.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тисінше хабарланған, бірақ ол келмеу себептері туралы мәліметтер бермей сот отырысына қатысқан жоқ.

Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай АПК) 196 бабының 4 тармақшасында қөрсеткендей сот отрысының уақыты мен орны тиісінше хабарланған іске қатысушы адамдардың қайсібірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәләлсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы, сондықтан сот азаматтық істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды шешті.

Прокурор талап арыз қанағаттандыруға жатады деген қортынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1-ші талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттармен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзгеде талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай - ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезеңішінде кезкелген уақытта орындалуға тиіс.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатыпалу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 8 ші бабының 4-ші бөлігіне сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатыпалу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнімберушілер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнімберушінің немесе өнімберушінің Заңды бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күн тізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнімберушіні немесе өнімберушіні мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отрырысында анық болғандай жауапкер шартты тиісті түрде орындамағаны анықталды, аталған себеппен шарт тапсырыс берушімен 2025 жылдың 15 мамырда бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М.Б., 28.07.2025

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде сотқа талап арызбен жүгініп отыр.

Жоғарыда аталған негіздерге сай, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

№2-ші талап бойынша:

Заңының 17-бабының 9-тармағының 2 тармақшасына сәйкес, Өнім беруші шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

АК-нің 298-бабына сәйкес міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу келісім-шартының 7-бабының 7.3 - тармағына сәйкес, қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-нан аспауға тиіс.

Сот мәжілісінде жауапкердің өз міндеттемелерін Шартта белгіленген мерзімде орындамағаны анықталды және оны жоққа шығармады.

Талап қоюшымен ұсынылған 22 күндік тұрақсыздық айыбын есептеу сомасы 3138 теңге келісім шарт талаптарына сәйкес келелі.

Аталған жағдайды сот ескере келе тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-нің 117 быптарына сәйкес талап қоюшыдан мемлекетің пайдасына мемлекеттік баж шығындарын өндіруге жатады.

Аталған заң нормасының шеңберінде жаупкерден мемлекеттің пайдасына 2 061 теңге өндіруге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министірлігі «Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің талабы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кыргабаков М.Б., 28.07.2025

3313-25-3-1/829

Мейрман Алияскарович Есетов «Ордастрой» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мейрман Алияскарович Есетовтан «Ордастрой» жеке кәсіпкер мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыбы 3 138 (үш мың жүз отыз сегіз) теңге өндірілсін.

Мейрман Алияскарович Есетовтан «Ордастрой» жеке кәсіпкер мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж шығыны 2 061 (екі мың алпыс бір) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК – нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья М.Б.Киргабаков

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М.Б., 28.07.2025

3313-25-3-1/829